| Тобы | **Ересек « Балауса» топқа арналған перспективалық жоспар** | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы мен айы | **НАУРЫЗ // 2021-2022** | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | ***Денсаулық*** | ***3*** | ***Қатынас*** | ***2,5*** | ***Таным*** | ***2,5*** | ***Шығармашылық*** | ***3,5*** | ***Әлеумет*** | **0,5** |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен таныстыру | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 1 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,5 | | - |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,5 | | - |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | - |
| | | | | | | | | | | |
| | | | Вариативті компонент көркем әдебиет | 1 | | | | | | |
| | | | Вариативті компонент сөйлеуді дамыту | 1 | | | | | | |

| Көктем жаршысы құстар/Птиц - вестники весны/Birds of spring // (1-апта) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мақсаты:** Жыл мезгіліне байланысты табиғатта болатын өзгерістер, көктемде жыл құстары туған жерге оралып, ұя салып, балапан басып шығаратыны туралы түсінік қалыптастыру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Арқан үстімен адымдап жүру". Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету; үш қатарға тұру дағдыларына машықтандыру; құм салынған қапшаны басына қойып, арқанның үстімен жанына адымдап жүру (2-3 рет); бір-бірінен 40 см қашықтықта | Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Тілдің дыбыстық мәдениеті: [У] дыбысы. "Тырналар жыры" әңгімесін оқу". Мақсаты: Балаларды дауыссыз [у] дыбысымен таныстыру; аналар мерекесі жөнінде мағлұматтарды тиянақтау; жыл құстары, тырналардың тіршілігі жөнінде білім беру; "туған жер", "мекендеу орны" ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру. Байлаларға [у] дауыссыз дыбысының артикуляциясын үйрету; осы дыбысты буынның және сөздің құрамында, [ұ], [ү] дауыстылармен қатар айтуға жаттықтыру; | Математика негіздері. Тақырыбы: "Көктемгі ғажайыптар. Геометриялық денелер мен геометриялық пішіндер". Мақсаты: Балаларды геометриялық денелермен таныстыру; геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру; геометриялық пішіндердің немесе денелердің қоршаған объектілерге ұқсастығы туралы ұғымдар қалыптастыру; көктем мезгіліндегі құбылыстар мен мерекелер жөнінде түсініктер беру, сыртқы құбылыстар мен ішкі ой-қиял әлемі туралы жалпы түсінік | Сурет салу. Тақырыбы: "Құмыраға салынған гүлдер". Мақсаты: балалардың вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам алқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындырту; көзбен мөлшерлеу қабілетін, эмоциялар мен түйсіктер әлемін дамыту; байқағыштыққа, анаға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналасқан құрсауларға (6-8 құрсау) секіру (2-3 рет); бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты лақтыру және секіріп келген допты ұтып алу (допты бір қолымен лақтырып, екі қолымен ұтып алу, 10-12 рет қайталау); саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру; көктем жаршысы - құстар туралы білімдерін кеңейту. | дауыссыз [у] дыбысын құстар шығаратын дыбыстардан байқауға, мәтін, сөздер құрамында құлақпен естіп, атау дағдыларын қалыптастыру; мәтін бойынша диалогтарға толық жауаптарды қайтару іскерлігін қалыптастыру; фонематикалық есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың сөздердің дыбысталу ерекшеліктерін байқауға деген қалауын қалыптастыру; туған жерге, табиғатқа, анасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | беру. Балаларды геометриялық денелердің қасиеттерін зерттеу тәсілдеріне үйрету; геометриялық денелер мен геометриялық пішіндерді көзбен бақылап, қолмен ұстап, сипап, іс-тәжірибе жасап, салыстырып, ортақ қасиеттерін тануға машықтау; іс-тәжірибе және зерттеу нәтижелерін, қорытындыны құрастырып, сөзбен жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру; тұтастан ұсақты бөліп алу немесе заттардың ортақ қасиеті бойынша жалпылау техникаларын жетілдіру; зейінді, көзбен мөлшерлеу, қолдың ұсақ моторикасы, қабылдау, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың көктем | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мезгілінің құбылыстарына деген қызығушылықтарын дамыту, ізденімпаздыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. | | |
| | Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Цирк атлеттерінің сайысы". Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету; үш қатарға тұру дағдыларына машықтандыру; құм салынған қапшаны басына қойып, арқанның үстімен | Көркем әдебиет Тақырыбы: "Түлкі мен қырғауыл". Мақсаты: Балаларды "Түлкі мен қырғауыл" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру; көктем жаршысы - құстар туралы білімдерін кеңейту. Ертегі мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын | Құрастыру. Тақырыбы: "Дос болайық, көбелек". Мақсаты:Балаларды есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруға үйрету; көбелектер жайлы білімдерін толықтыру; қағаз бетін көз мөлшерімен тең ортасынан екіге бөлу, қағаз бетінде бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; көбелектерді түстеріне сәйкес гүлдерге отырғызу арқылы түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру; жіпке байланған көбелектерді үрлеу арқылы балалардың тыныс алуларын жақсарту. | Мүсіндеу. Тақырыбы: "Аққуды мүсіндейміз". Мақсаты: балаларды ермексаздан кесек үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету; бөлшектерді біріктіру іскерліктерін дамыту; қырнауыштың көмегімен тырнау арқылы аққудың қауырсындарын жасауға, ермексазды бүгу арқылы аққудың мойнын жасауға үйрету; қол ептілігіне жаттықтыру; мүсіндеу арқылы эстетикалық тәрбие беру; табиғатты аялауға, құстарды қорғауға тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанына адымдап жүру (2-3 рет); бір-бірінен 40 см қашықтықта орналасқан құрсауларға (6-8 құрсау) секіру (2-3 рет); бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты лақтыру және секіріп келген допты ұтып алу (допты бір қолымен лақтырып, екі қолымен ұтып алу, 10-12 рет қайталау); саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жаттықтыру. | дамыту; ертегі жанрына қызығушылығын қалыптастыру. Оқу қызметінде балалардың белсенділігін арттыру; өзара достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және құстарды аялай білуге тәрбиелеу. | | | |
| | Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Түрлі жолдармен жүре аламыз". Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға | Орыс тілі Тақырыбы: "Время года весна. Весенние явления природы.". Мақсаты: Расширять знания детей о весне и ее явлениях природы; формировать представления об особенностях поведения птиц, протекания такого явления природы, как | Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ән салып құс келді". Мақсаты: Балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін | Музыка. Тақырыбы: "Анаға сәлем". Мақсаты: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әуеннің | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету; үш қатарға тұру дағдыларына машықтандыру; құм салынған қапшаны басына қойып, арқанның үстімен жанына адымдап жүру (2-3 рет); бір-бірінен 40 см қашықтықта орналасқан құрсауларға (6-8 құрсау) секіру (2-3 рет); бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты лақтыру және секіріп келген допты ұтып алу (допты бір қолымен лақтырып, екі қолымен ұтып алу, 10-12 рет қайталау); саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауыса білуді жетілдіру. | таяние снега; развивать представления о рассказе и стихотворении; продолжать способствовать формированию понятия женского праздника 8 марта. Учить детей воспринимать и понимать русскую речь в прозаичной и стихотворной форме, развивать умение различать звучащие на русском языке, такие жанры, как рассказ и стихотворение; упражнять в заучивании стихотворении о весне, создавая мотивацию подарка к празднику; развивать умения моделировать целостный небольшой рассказ о времени года, составляя простые предложения о явлениях природы | ажыратып, атай білуге үйрету; көктем жаршысы - құстар туралы білімдерін кеңейту. Балалардың құстарды бақылап отырып, олардың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде өзара достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және құстарды аялай білу сезімдеріне тәрбиелеу. | ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | весной; развивать слуховую память, зрительное восприятие, мышление, умение проявлять положительные эмоции. Развивать наблюдательность, чувство прекрасного, любовь к выразительному чтению. | | | |
| | | | | Музыка.<br>Тақырыбы: "Әніміз сыйлық болсын".<br>Мақсаты: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. | |
| **Вариативт** | | Вариативті компонент. | | Вариативті компонент. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **і компонент** | | Көркем әдебиет<br>Ұлттық ойындар | | Сөйлеуді дамыту<br>Өнерлі екен он саусақ | | |
| | | | | | | |
| **Жылғалардан су ақты/Бегут талые воды/Spring // (2-апта)** | | | | | | |
| **Мақсаты:** жыл мезгілдерін ажырата білу, көктемде күн шуағының жылуымен қар еріп, сай-салалардан, жылғалардан сылдырап су ағады, табиғат ерекше күйге енеді, алғашқы бәйшешектер өсіп шығады. | | | | | | |
| | | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру.<br>Тақырыбы: "Қапшаларды нысанаға лақтыру"<br>Мақсаты: Балаларды бірінің артынан бірі қатарға тұруға және сапқа тұрып, шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету; 30 см биіктіктен екпінмен секіру (5-6 рет); құм салынған қапшаларды иық тұсынан нысанаға оң және сол қолымен лақтыру (5-6 рет) және | Сөйлеуді дамыту.<br>Тақырыбы: "Көктем туралы тақпақты жаттау".<br>Мақсаты: Балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру; көктем мезгіліндегі құбылыстардың ерекшелектері туралы ұғымдар жиынтығын тиянақтау.<br>Балаларды көктем туралы тақпақты есте сақтап, жаттауға үйрету; көркем сөзді мәнерлеп айту дағдыларын жетілдіру; көркем сөзіндегі | Математика негіздері.<br>Тақырыбы: "Тамшыларды қалай санаймыз?".<br>Мақсаты: Балаларда дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалытастыру; "саны қанша, сонша ...", "саны тең", "бірге үстемелеу", "бірге кему", "тура", "кері санау" ұғымдарын жетілдіру, көктем мезгіліне тән құбылыстар жөніндегі білімдер аясын кеңейту. Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын, эквивалентті қолданып, өзге заттардың санына | Сурет салу.<br>Тақырыбы: "Торғай ұшып келеді".<br>Мақсаты: балаларды ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, қанаттар мен тұмсығы детальдерімен толықтыру білігін арттыру; құстардың сұлбастарын, шеттерден шықпай, қылқалам арқылы бояу техникасын жетілдіру; зейінін, көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту; көктемгі мезгілге тән құбылыстарға | Қоршаған ортамен таныстыру.<br>Тақырыбы: "Судың қасиеті".<br>Мақсаты: Балалардың су туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру; суға арналған көркем сөздер арқылы сөздік қорын молайту; сусыз тіршілік болмайтындығы жайлы білімдерін кеңейту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеглилардың арасымен төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру; жылғалар туралы түсініктерін кеңейту. | көктемді сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестерін өз жауаптарында пайдалану біліктерін бекіту; сөз таптарын ажырату негіздерін қалыптастыру; есту, көру, түйсіну, есте сақтау қабілеттерін, ой-өрісін, елестетуді, эстетикалық талғамды дамыту, тұлғааралық қатынастарды нығайту. Балалардың көктем мезгілінде болатын табиғат өзгерістеріне және сөздің әсемділігіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, байқағыштыққа, сезгіштікке тәрбиелеу. | сәйкестеуге үйрету, екі түрлі заттар топтамаларының көлемін өзара тең ету, кем ету, үстемелеу арқылы салыстыру дағдыларын жетілдіру; заттардың санын көріп, сол санға сай дыбыстар шығару тәсілін орындауға жаттықтыру; дыбыстардың саны қанша, сонша заттарды қатарға салу (қою), сәйкестеу нәтижесін сөзбен жеткізу амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түйсікті, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың көктемгі табиғат құбылыстарына деген бақылағыштығын арттыру, зеректікке, сезгіштікке тәрбиелеу. | байқағыштығын тәрбиелеу. | |
| | Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қақпашы | Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Таза | Жаратылыстану. Тақырыбы: "Таза су". | Жапсыру. Тақырыбы: "Көктем | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бола аламыз ба?" Мақсаты: Балаларды бірінің артынан бірі қатарға тұруға және сапқа тұрып, шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету; 30 см биіктіктен екпінмен секіру (5-6 рет); құм салынған қапшаларды иық тұсынан нысанаға оң және сол қолымен лақтыру (5-6 рет) және кеглилардың арасымен төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | бұлақ". Мақсаты: Балаларды "Таза бұлақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; әңгіме кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру; жылға туралы білімдерін кеңейту. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту; адамгершілік тақырыбындағы шығармаларға қызығушылығын қалыптастыру. Балалардың оқу қызметінде белсенділігін арттыру; жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік | Мақсаты: Балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету; жылғалар туралы білімдерін кеңейту. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Суға танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде | белгісі - бәйшешек". Мақсаты: балаларды мақта табақшаларынан бәйшешек гүлін жапсыруға үйрету; мақта табақшаларын екіге бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы бәйшешектің гүлшанағын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрете отырып, жапырақ қимаүлгілерін қағаз бетіне орналастыру іскерліктерін дамыту; қылқаламды дұрыс ұстау, қайшымен дұрыс жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; гүлдің тостаған жапырақшасын жасыл түске бояп, мақта табақшаларын тең ортасынан қиып, доға тәріздес жағын қағаз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ережелеріне тәрбиелеу. | мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне және суды ластамауға, үнемдей білуге тәрбиелеу. | бетіне орналастыру арқылы қардың арасынан бәйшешек өсіп шықты деп қабылдауға үйрету; балаларға бәйшешек туралы білім бере отырып, шығармашылық қабілеттерін арттыру. | |
| | Дене шынықтыру.<br>Тақырыбы: "Футбол ойыны"<br>Мақсаты: Балаларды бірінің артынан бірі қатарға тұруға және сапқа тұрып, шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету; 30 см биіктіктен екпінмен секіру (5-6 рет); құм салынған қапшаларды иық тұсынан нысанаға | | | Музыка.<br>Тақырыбы: "Нұрлы көктем".<br>Мақсаты: балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру; музыкалық аспаптағы дыбысты есту қабілетін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оң және сол қолымен лақтыру (5-6 рет) және кеглилардың арасымен төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Вариативті компонент** | | | | | |
| | | Вариативті компонент.<br>Көркем әдебиет<br>Ұлттық ойындар | | Вариативті компонент.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Өнерлі екен он саусақ | |
| **Салт-дәстүрлер және фольклор/Казахские народные традиции и обряды/Traditiion and folklor // (3-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты.** Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне тәрбиелеуге, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыруға бағытталған. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру.<br>Тақырыбы: "Аюша алақан мен табанды тіреп еңбектеу"<br>Мақсаты: Балаларды сапта арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап, біртіндеп бір-бірден қатарға тұруға жаттықтыру; педагогтің белгі беруі бойынша жай жүрісті жылдам жүріске өзгерту дағдысын | Сөйлеуді дамыту.<br>Тақырыбы: "Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу".<br>Мақсаты: Балаларды халықтың дәстүрі, жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, "жеті ата шежіресі" ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог | Математика негіздері.<br>Тақырыбы: "Алдар Көсенің мерекелік сыйлары".<br>Мақсаты: Балалардың сілтеуіш арқылы қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді санап, жиынын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру; әртүрлі | Сурет салу.<br>Тақырыбы: "Тұмарша".<br>Мақсаты: балаларды қағаздың бетіне тұмарша үшбұрышын салып, сұлбасы іші мен сыртын қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіру тәртібіне үйрету; "ирек", "мүйіз" ою элементтерінің салу техникасын ұштау; тұмаршаны қосымша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру; балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету; заттардың (кубик, кегли) арасынан шашырап жүру және жүгіру жаттығуларын орындауға машықтандыру; біртіндеп қатардан сапқа саптан қатарға ауысу дағдылары мен төрт қатарға тұра білу қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық орындықтың үстімен "аюша" алақан мен табанды тіреп еңбектеуге (2 рет); гимнастикалық орындықтың үстімен қолын басына қойып, жанымен жүру, орындықтың ортасына келгенде отыру, тұрып қайтадан жүру (2 рет); | мысалдарын көрсету; Наурыз мейрамы туралы білімдерді пысықтау. Балалардың халықтың дәстүрі, жеті ата шежіресі туралы тақпақтың мазмұнын тыңдау, түсінуге үйрету; туыстықтың түрлерін атау білігіне машықтау; тақпақ мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бергенде топтық жұмыста диалог тәртібін ұстану дағдыларын жетілдіру; монолог сөйлеуін қарапайым формада, үлгі бойынша, құрастыруда жаттықтыру; құлақпен есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Балалардың қазақтың төл дәстүрлері мен ауыз әдебиеті үлгілеріне, Наурыз мейрамына деген | заттардың жиынын санмен белгілеу туралы түсініктер беру; геометриялық денелер туралы ұғымдарды пысықтау; Наурыз мерекесіне қатысты әдептілік ережелерін тиянақтау. Балалардың сілтеуіш арқылы қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді кері, тура санап, жиынын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу дағдыларын жетілдіру; геометриялық денелерді ажыратуға, қасиетін анықтауға, көлемі туралы қорытынды жасау іскерлігін іс-тәжірибе арқылы қалыптастыру; ойын барысында өзіне қарай кеңістіктегі оң, сол, алдыңғы, артқы жақтарын ажыратуға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, қабылдау, ойлау, елестету | бөлшектер, шашақтармен толықтыруға бейімдеу; Наурыз мей рамы жөнінде түсініктерді пысықтау; зейінін, көзбен мөлшерлеу қабілетін, ой-қиялын дамыту; тиянақтылыққа, қазақтың қолөнері үлгілеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір-бірінен 40 см қашықтықта орналасқан қысқа арқаншалардан жанымен секіру (2-3 рет) жаттығуларын жасауға дағдыландыру; салт-дәстүрлер және фольклор туралы білімдерін кеңейту. | қызығушылықтарын арттыру, ұйымшылдыққа әдептілікке тәрбиелеу. | қабілеттерін дамыту. Балаларды үлкенге, қонаққа құрмет көрсетуге, тәртіптілікке, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа, тәрбиелеу. | | |
| | Дене шынықтыру. Тақырыбы: Мақсаты: Балаларды сапта арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап, біртіндеп бір-бірден қатарға тұруға жаттықтыру; педагогтің белгі беруі бойынша жай жүрісті жылдам жүріске өзгерту дағдысын жетілдіру; балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету; заттардың (кубик, кегли) | Көркем әдебиет Тақырыбы: "Баланы қырқынан шығару". Мақсаты: Балаларды "Баланы қырқынан шығару" рәсімімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; баланы қырқынан шығару рәсімінің ережесін үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру; баланы қырқынан шығару рәсімінің халықтың әдет-ғұрпындағы алатын маңызы туралы түсінік беру; өнер мен салт-дәстүрдің және | Құрастыру. Тақырыбы: "Үй жиһаздары". Мақсаты: Балаларды құрамында: тақтайша, кірпіш, текше бар құрылыс материалдар жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының бөліктерін зерделеу: екі қолымен сипап ұстау, нобайы бойымен қолымен жүргізу арқылы қабылдау іскерліктерін дамыту; үй жиһаздары туралы білімдерін толықтыру; достыққа, көмек беруге | Мүсіндеу. Тақырыбы: "Ұлттық әшекейлер". Мақсаты: балаларды қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен, "зергер" мамандығымен таныстыру; тұзды қамырдан сырғаны мүсіндеуге үйрету; мүсіндеудің домалақтау, есу, созу, жалпайту әдістері, пішінге келтіру, түрлі-түсті бояуға тиянақты бояу іскерліктерін жетілдіру; балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту; ұлттық әшекей | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасынан шашырап жүру және жүгіру жаттығуларын орындауға машықтандыру; біртіндеп қатардан сапқа саптан қатарға ауысу дағдылары мен төрт қатарға тұра білу қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық орындықтың үстімен "аюша" алақан мен табанды тіреп еңбектеуге (2 рет); гимнастикалық орындықтың үстімен қолын басына қойып, жанымен жүру, орындықтың ортасына келгенде отыру, тұрып қайтадан жүру (2 рет); бір-бірінен 40 см қашықтықта орналасқан қысқа арқаншалардан жанымен секіру (2-3 рет) жаттығуларын жасай білуге жаттықтыру. | фольклордың тығыз байланысы жөнінде мағлұмат беру. "Баланы қырқынан шығару" рәсімі арқылы балалардың сөздік қорын молайту; зейіні мен тілін және есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту. Халық ауыз әдебиетіне балалардың қызығушылықтарын ояту; халықтық дәстүрді құрметтеу және сақтау сезімдері мен имандылық ережелеріне тәрбиелеу. | тәрбиелеу. | бұйымдарын қастерлеуге тәрбиелеу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру.<br>Тақырыбы:<br>Мақсаты: Балаларды сапта арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап, біртіндеп бір-бірден қатарға тұруға жаттықтыру; педагогтің белгі беруі бойынша жай жүрісті жылдам жүріске өзгерту дағдысын жетілдіру; балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету; заттардың (кубик, кегли) арасынан шашырап жүру және жүгіру жаттығуларын орындауға машықтандыру; біртіндеп қатардан сапқа саптан қатарға ауысу дағдылары мен төрт қатарға тұра білу қабілетін | Орыс тілі<br>Тақырыбы: "Продукты. Готовим наурыз-коже.".<br>Мақсаты: Развивать у детей понятие о празднике Наурыз, важности в жизни человека; расширять знания и представления о видах продуктов (молочных, мясных, мучных); знакомить с составом супа наурыз-коже и наименованиями семи продуктов; показать связи между однокоренными словами, исходных от слов "молоко", "мясо", "мука"; уточнять представления о здоровом питании и казахской национальной кухне. Развивать у детей навыки классификации продуктов на три подгруппы по общим признакам (молочных, | Жаратылыстану.<br>Тақырыбы: "Бәйшешек".<br>Мақсаты: Балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, дұрыс атай білуге үйрету; наурыз айындағы салт-дәстүрлер мен фольклор туралы білім беру. Балалардың бәйшешекті бақылап отырып, олардың пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Бәйшешек туралы білімдерін қалыптастыру. Бәйшешекке | Музыка.<br>Тақырыбы: "Бесік жыры".<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін жетілдіру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; гимнастикалық орындықтың үстімен "аюша" алақан мен табанды тіреп еңбектеуге (2 рет); гимнастикалық орындықтың үстімен қолын басына қойып, жанымен жүру, орындықтың ортасына келгенде отыру, тұрып қайтадан жүру (2 рет); бір-бірінен 40 см қашықтықта орналасқан қысқа арқаншалардан жанымен секіру (2-3 рет) жаттығуларына дағдыларндыру. | мясных, мучных), умения работать в группе сверстников, находить свое место, смело отвечать на вопрос перед всеми; развивать автоматизацию речи посредством говорения считалки, перечисления основных семи продуктов в наурыз-коже; учить понимать русскую речь, преломляя на названия видов национальной кухни; развивать логическое мышление, слуховую память, коммуникативные навыки и эмоциональную сферу. Воспитывать дружелюбие, положительное отношение к здоровой пище, национальной кухне. | танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; балаларды оқу қызметінде эстетикалық мәдениет пен адамгершілік ережелеріне және туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. | | |
| | | | | Музыка.<br>Тақырыбы: "Әжемiздiң | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әні тамаша".<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін жетілдіру. | |
| **Вариативті компонент** | | Вариативті компонент.<br>Көркем әдебиет<br>Ұлттық ойындар | | Вариативті компонент.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Өнерлі екен он саусақ | |
| | | | | | |
| **Өнер көзі - халықта/Народ – источник искусства/Arts// (4-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** адамгершілік-патриоттық тәрбие, өзін-өзі тану, қоршаған ортамен, Қазақстан халқының және басқа елдердің салт-дәстүрімен, өнерімен таныстыру. Шығармашылыққа баулу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | Дене шынықтыру.<br>Тақырыбы: "Қапшаны көлденең лақтыру"<br>Мақсаты: Балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік | Сөйлеуді дамыту.<br>Тақырыбы: "Дастарханды жаяйық дидактикалық ойыны".<br>Мақсаты: Балалардың қонақты қарсы алу, дастарқанды жаю дәстүрі туралы | Математика негіздері.<br>Тақырыбы: "Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар".<br>Мақсаты: Балалардың заттардың қалыңдығы туралы білімдерін кеңейту, "ең қалың", | Сурет салу.<br>Тақырыбы: "Кебежені берендіру".<br>Мақсаты: балаларды кебеже сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруге үйрету; | Қоршаған ортамен таныстыру.<br>Тақырыбы: "Шеберлер елі".<br>Мақсаты: Балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыра отырып, ою-өрнек жөніндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге үйрету; жұппен жүріп келе жатып, қайтадан қатарға бір-бірден тұра білуге және педагогтің белгі беруі бойынша шашырап жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан бір қолымен төменнен көлденең лақтыру (5-6 рет); таяқтың (арқаншаның) астынан оң және сол жағымен еңбектеп шығуды (6 рет) және үрілген доптардың арасымен аяқтың ұшымен жүруге үйрету; қатардан сапқа, саптан қатарға ауысу және жұппен қатарда жүру дағдыларын қалыптастыру; "Өнер көзі - халықта" сөзінің мағынасын түсіндіре отырып, білімдерін кеңейту. | ұғымдарын жетілдеру, кеңейту; наурыз көженінің азықтық құрамымен таныстыру, дәстүрлі ұлттық тағам атауларын, олардың жасалу негіздері жөнінде білімдерін тиянақтау; Наурыз мейрамындағы дәстүрлер түрлері туралы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың дәстүрлі ұлттық тағамдар туралы дидактикалық ойынға қатысу іскерлігін қалыптастыру; дидактикалық ойындар аясында қатынастарға еркін қосылу дағдыларын жетілдіру; дастарқанды жаю дәстүрін есте сақтап, оның барысында іс-әрекеттерін байланыстыра сөйлеу арқылы сүйемелдеуге машықтау; ойлау, қатынастық қабілеттерін, қолдың | "жұқалау", "ең жұқа" ұғымдарын жетілдіру; асық және оның қалыптары туралы түсініктер аясын кеңейту; қазақ ұлттық ойындары жөніндегі түсініктерді қалыптастыру. Балалардың шамасы үш түрлі тақтайшаларды, бірінің жанына, артына басқасын тұстастырып, бірінің үстіне бірін тізіп, салып қойып, қалыңдығы, ені, ұзындығы бойынша салыстыра білу дағдыларын жетілдіру, құрамында үш түрлі қалыңдығы бар материалдардың қалыңдығы бойынша шамаларды сәйкестендіру біліктерін арттыру; асықты екі саусақпен ұстап, бірнеше қалыптарға түсіру техникасын қалыптастыру; қолдың | тіктөртбұрышты ортасына "тышқан ізін", бұрыштарына "балтаны", шеттеріне "ботакөзді" салу және орналастыру техникасын қалыптастыру; қағаз бетін бағдарлау, пішіндерді қабылдау және ажырату біліктерін жетілдіру; қазақтың қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ою-өрнектің ерекшеліктері мен түрлерін жатқа білуге дағдыландыру; қазақ халқының асыл мұралары мен өнерін құрметтеуге және ұйымшылдық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұсақ моторикасын дамыту. Балалардың Наурыз мерекесі аясындағы дәстүрлер мен ойындарға сүйіспеншілігін арттыру; салауатты тамақтану тәртібіне, достыққа, қонақжайлылыққа тәрбиелеу. | ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау, зейінді, ойлау қабілетін дамыту. Балаларда қазақ ұлттық ойындарына деген қызығушылықтар ояту, ұйымшылдаққа, икемділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | | |
| | Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кімді мерген деп санаймыз?" Мақсаты: Балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге үйрету; жұппен жүріп келе жатып, қайтадан қатарға бір-бірден тұра білуге және педагогтің белгі беруі бойынша шашырап жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; құм | Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Өнер алды - қызыл тіл". Мақсаты: Балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; жаңылтпашты үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру; шығарманың халықтың әдет-ғұрпындағы алатын маңызы туралы түсінік беру; өнер мен салт-дәстүрдің тығыз байланысы жөнінде мағлұмат беру. Жаңылтпаштар арқылы | Жаратылыстану. Тақырыбы: "Төлдер". Мақсаты: Балаларды төрт түліктің тіршілік ету ерекшеліктерімен таныстыру; қолда өсірілетін төрт түлік түрлері мен үй жануарларына күтім жасау және олардың пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; төрт түліктің төлдерін бір-бірінен ажыратып, атай білуге үйрету; төрт түлікті бағып-қағу да халықтық өнер екендігі туралы білім беру. Балалардың төрт түлік малдың ерекше | Жапсыру. Тақырыбы: "Оюлы текемет". Мақсаты: балаларды түрлі-түсті қағаздан текеметті жапсыруға үйрету; сары түсті қағаздың бетіне "қошқар мүйіз" қимаүлгісін қойып, қарындашпен басып, сызық бойымен қиып алып, жасыл түсті тіктөртбұрыштың бетіне қарама-қарсы бағытта жапсыруға үйрету; балалардың қағаз бетін дұрыс бағдарлай алу қабілеттерін дамыту; | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салынған қапшаны 3 м қашықтықтан бір қолымен төменнен көлденең лақтыру (5-6 рет); таяқтың (арқаншаның) астынан оң және сол жағымен еңбектеп шығуды (6 рет) және үрілген доптардың арасымен аяқтың ұшымен жүруге үйрету; қатардан сапқа, саптан қатарға ауысу және жұппен қатарда жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. | балалардың сөздік қорын молайту; зейіні мен тілін және есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту. Халық ауыз әдебиетіне балалардың қызығушылықтарын ояту; халықтық дәстүрді құрметтеу және сақтауға тәрбиелеу. | белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік малдың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Төрт түлік малдың төлдеріне танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; балаларды оқу қызметінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және жануарларға деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу. | текемет және ою туралы білімдерін толықтыра отырып, текеметтің ерекшелігін тани білуге, қиялдау қабілеттерін қалыптастыру; таза әрі ұқыпты жұмыс жасауға ынталандыру. | |
| | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: "Командаға ұпай жинайық"<br>Мақсаты: Балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен | | - | Музыка.<br>Тақырыбы: "Домбыра".<br>Мақсаты: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұра білуге үйрету; жұппен жүріп келе жатып, қайтадан қатарға бір-бірден тұра білуге және педагогтің белгі беруі бойынша шашырап жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан бір қолымен төменнен көлденең лақтыру (5-6 рет); таяқтың (арқаншаның) астынан оң және сол жағымен еңбектеп шығуды (6 рет) және үрілген доптардың арасымен аяқтың ұшымен жүруге үйрету; қатардан сапқа, саптан қатарға ауысу және жұппен қатарда жүру дағдыларын жетілдіру. | | | жетілдіру; оркестрлық ұжымға деген қызығушылықтарын арттыру. | |
| | | | | | |
| **Вариативті компонент** | - | Вариативті компонент.<br>Көркем әдебиет<br>Ұлттық ойындар | | Вариативті компонент.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Өнерлі екен он саусақ | |